«ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ҚОНАЕВ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

20.02.2026 ж. №01-13/11

Қонаев қаласы город Қонаев

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16 бабы 3 тармағы, 28 тармақшасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қонаев қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 2026 жылғы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып-алудың жылдық жоспарына төмендегідей тармақтар енгізіліп және мемлекеттік сатып-алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар жүзеге асырылсын:

2. **«Мекеме:Бюджеттік процесстер кешені» ЭЕМ үшін бағдарламаға қолжетімділік беру және сүйемелдеу ақпараттық-техникалық жүйені толық жинақтау, жаңғырту және толық жарақтандыру жөніндегі кешенді қызмет»** бойынша тікелей шартты жасасу арқылы, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып-алу жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларынын (әрі қарай – Қағидалар) 508 тарм. сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жасалады.

4. Сонымен қатар Қағидалардың 509 тарм. сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Оған қоса, Қағидалардың 512 тарм. сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жарнамасындағы, каталогтарындағы, сипаттамаларындағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес көпшілік оферта болып танылған белгісіз тұлғалар тобына арналған басқа ұсыныстардағы жалпыға қол жетімді ақпарат көздерін зерделеу арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде ұқсас тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салуларды веб-портал арқылы жібереді.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Өндірістік қажеттілік байланысты.

Бөлім басшысы **Ж.Төребеков**